

Мұнайлы ауданы «№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпарат

05.09.2024 ж. күні мектебімізде ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагог мектеп тәртібі, оқушылардың себепсіз сабаққа келмеуі, мектеп формасын сақтау керек туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған отбасынан шыққан оқушылармен ДТЖО, сынып жетекші, әлеуметтік педагог, педагог психолог кешенді жұмыстар жүргізді. Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың тұрғылықты мекен-жайын тексеріп, акт жасалды.

Әлеуметтік –тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізді. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйлеріне барып, зерделеу жұмыстары жүргізілді. АКТ аудандық білім бөліміне тапсырылды. Айына 2-рет асхана құжаттарын және тазалығын бракераж комиссиясымен бірігіп тексерілді, және АКТ жасақталды. Асхана арендаторына ескертулер берілді.

Асханға қатысты журналдар толықтай жасақталған. Мектеп медбикесі асхана қызметкерлерін күнделікті тексеріп, қызметкерлерді жұмысқа жіберуге рұқсат етуді тіркеу журналына тіркеп отырды. Күнделікті сынама алынады. Тоңазытқыштарда градус өлшегіштер бар. Асханаға қажетті құрылғылармен қамтылған. Асханадағы ыдыстар талапқа сай пайдаланып отыр, сынған, жарылған ыдыстар жоқ. Комиссия мүшелері мектеп асханасына қорытынды мониторинг жасады. Тамақ сапасын бақылау мақсатында комиссия күнделікті дайын тамақтан бракераж алып отырды, дайын ыстық тағамдар мен аспаздық тағамдардың пісу деңгейі тексерілді. Барлық уақытта тамақтың дәмі, иісі, құрамы бақылауда болды.

Әлеуметтік педагог:



А.Төлеп.

Ақпарат

Аз қамтылған отбасылардың тұрмысы нашар отбасылардың, ЕБҚ оқушылардың пәтерлеріне бару.

Ең алдымен ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімін мектебіміздің дефектолог маманымен жұмыстана отырып, тізім жасақталды. Ерекше білімді қажет ететін 34 оқушы анықталды. Ол оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында, оқушылардың сынып жетекшісі және мектеп психологы, әлеуметтік педагог болып тұрғылықты мекен – жайына барып, оқушының қазіргі таңда қандай жағдайда тұрып жатқандығы қаралды. Тұрмысы орташа 10 оқушының тізімі жасақталды.

Тобағұл Жақсылық, Силихан Жания, Жауымбай Жақсылық, Ергенбек Аида, Ергенбек Ажар, Султанов Жақсылық, Алпамысқызы Фатима, Асамадин Әмина, Теңел Жасұлан, Муналбаев Шыңғыс. Осы аталған оқушылар аз қамтылған отбасынан шыққаны анықталды. Бір реттік берілетін материалдық қаржылай көмек көрсетілді. Тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

І тоқсан қорытындысы бойынша үлгермейтін оқушы анықталған жоқ. Алайда, оқу ісі меңгерушілерімен байланыса отырып, үлгерімі төмен оқушылардың тізімі жасақталды.

Үйден оқитын 9 оқушы анықталды. Олардың тұрғылықты мекен – жайы тексерілді. Барлық оқушылардың жағдайы жақсы. Жеке бөлмесі бар. Сабақ оқитын бұрышы жасақталған. Пән мұғалімдеріне және оқушыға жағдай жасалған. Әлеуметтік жағдайлары жақсы. Джолдас Нұршат және Жентисбай Ақнұр осы аталған оқушылар аз қамтылған отбасынан шыққан. Бір реттік берілетін материалдық қаржылай көмек көрсетілді және оқу құралдары салынған сөмке берілді.

Жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған 4 оқушы бар. Оның 2 оқушы тұл жетім, 2 оқушы ата – ана қамқорлығынсыз қалған. Бұл оқушылардың үйін тексеріп, жағдайларының жақсы екені анықталды. Қамқоршылармен күнделікті байланысып отырамын. Оқушылардың жағдайы жақсы. Мекен – жайын акттелді. Акт Мұнайлы аудандық білім бөліміне тапсырылды.

Әлеуметтік педагог:



А.А.Төлеп